



САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

ДЕРБЕС КОМПЬЮТЕРДЕ (ДК) ЖҰМЫС ЖАСАУ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

УЕ-11-23

АЛҒЫ СӨЗ

1. Ақпараттық технологиялар бөлімімен **ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ**
2. Әзірлегендер — Компьютерлік технологиялар бөлімі басшысы
Шпенглер С.А.
3. Келісілді — Академиялық мәселелер жөніндегі проректордың м.а.,
э.ғ.к., доцент Байнеева П.Т.
— Стратегиялық жоспарлау, мониторинг және сапаны
басқару бөлімінің басшысы Ким И.С.
— Заң қызметінің басшысы Абираева С.К.
4. Университеттің Ғылыми кеңесінің 24 қараша 2024 № 5 мәжілісінде
талқыланып мақұлданды
5. Енгізілді — 2024
6. Тексерілу мерзімі — 2026

Қызмет бабында пайдаланатын басылым

Шымкент, 2024

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ		УЕ-11-23
Сапа менеджменті жүйесі	Ереже	2-нұсқа
Дербес компьютерде (ДК) жұмыс жасау және техникалық қауіпсіздік		5 беттің 2-беті

1. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

Осы Ережелер дербес компьютерлерге (бұдан әрі – ЭЕМ) жалпы техникалық шарттарды, өнімділік сипаттамаларын, құрамға, толықтылыққа, қауіпсіздікке, таңбалауға және орауышқа, тасымалдауға және сақтауға қойылатын талаптарды, компьютерді қабылдау тәртібін және компьютерлік жүйелік блогын сынау әдістерін белгілейді.

2. СІЛТЕМЕЛІК ҚҰЖАТТАР

Осы стандартты қолдану үшін келесі сілтеме жасалған нормативтік құжаттар қажет:

1. СТ ГОСТ Р МЭК 60950-2005 Ақпараттық технологиялар жабдықтарының қауіпсіздігі.
2. ГОСТ 12.1.004-91 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Өрт қауіпсіздігі. Жалпы талаптар
3. ГОСТ 12.2.006-87 Тұрмыстық және ұқсас жалпы пайдалануға арналған электрондық желілік жабдықтың және ұқсас құрылғылардың қауіпсіздігі. Жалпы талаптар және сынақ әдістері.
4. ГОСТ 12.2.007.0-75 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Электрлік бұйымдар. Жалпы қауіпсіздік талаптары.
5. ГОСТ 12.2.032-78 SSBT. Жұмысты отырғанда орындау кезіндегі жұмыс орны. Жалпы эргономикалық талаптар.
6. ГОСТ 12.2.049-80 SSBT. Өндірістік жабдықтар. Жалпы эргономикалық талаптар.
7. ГОСТ 12.3.019-80 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Электрлік сынақтар мен өлшемдер. Жалпы қауіпсіздік талаптары.
8. ГОСТ 8711-93 Тікелей әсер ететін ұқсас электрлік өлшеу құралдары және оларға қосалқы бөлшектер.
9. ГОСТ 25861-83 Компьютерлер және деректерді өңдеу жүйелері. Электр және механикалық қауіпсіздік талаптары және сынақ әдістері.
10. ГОСТ 26329-84 Компьютерлер және мәліметтерді өңдеу жүйелері. Техникалық құралдардың рұқсат етілген шу деңгейлері және оларды анықтау әдістері.
11. ГОСТ 27483-87 Өрт қауіптілігіне сынақтар. Сынақ әдістері. Ыстық сым сынағы.

3. ЕРЕЖЕ МАЗМҰНЫ

3.1 КОМПЬЮТЕР СЫНЫПТАРЫНДА ТЕХНИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ

3.1.1. Техникалық қауіпсіздіктің жалпы талаптары:

3.1.1.2 Тәртіпті, аңғарымды болу.

3.1.1.3 Өндірістік оқыту шеберінің ғана тапсырған жұмысын орындау.

3.1.1.4 Орындау тәсілін білген жағдайда ғана жұмысқа кірісу. Күдікті жағдайда жұмыс берушімен кеңесу.

3.1.1.5 Жұмыс кезінде өзінің де, өзгенің де көңілін бөлмеу.

3.1.1.6 Жарық жоқ және оның нашар кезінде жұмыс істемеу.

3.1.1.7 Компьютерді рұқсатсыз қоспау және қосылған компьютерді иесіз қалдырмау.

3.1.1.8 Дымқыл немесе су қолмен жұмысқа отырмау.

3.1.1.9 Монитор экранның желі жалғағыштарды, сымдарды қолмен ұстамау.

3.1.1.10 Қондырғыларды рұқсатсыз орнынан қозғамау.

3.1.1.11 Жұмыс орнынан қажетсіз кетпеу.

3.1.1.12 Компьютерді қатты қозғамау.

3.1.1.13 Компьютерлердің үстіне бөгде заттарды қоймау.

3.1.1.14 Жұмыс орнында және бөлмеде тазалық сақтау.

3.2 КОМПЬЮТЕРДЕ ЖҰМЫС ІСТЕУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Монитор мен пернетақтаны биіктігі бойынша дұрыс орналастырудың маңызы зор. Монитор

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ		УЕ-11-23
Сапа менеджменті жүйесі	Ереже	2-нұсқа
Дербес компьютерде (ДК) жұмыс жасау және техникалық қауіпсіздік		5 беттің 3-беті

ыңғайсыз тұрған жағдайда арқа және мойын бұлшық еттеріне салмақ түсуі салдарынан бас ауруы мүмкін. Қарапайым бір қағида бар: монитордың жоғарғы шеті көзбен бір деңгейде болуы, ал осы деңгей мен бейне беттің орталығы арасындағы бұрыш 15 градусты құрауы тиіс.

1. Арқаңызды тік ұстаңыз. Ежелгі кеңес: құныспай тік отырыңыз деген осы жерде орынды!
2. Иықтарыңызды бос ұстаңыз, шынтақтарыңыз тік бұрыш жасап бүгілген болсын. Басыңызды сәл алдыға еңкейтіп тік ұстаңыз.
3. Орындығыңыздың отырғышы жұмсақ болуы, тізелеріңіз тік бұрыш жасап бүгіліп, табандарыңыз жерге толықтай тіреліп тұруы тиіс.
4. Арақашықтықты сақтаңыз. Көз бен монитор экраны арасындағы қашықтық 70 см - ден аз болмауы тиіс. Басқаша айтсақ, сіз қолыңызды алдыға созып, бейне бетке әрең жетуіңіз тиіс.

3.3 ТЕХНИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІҢ АРНАУЛЫ ТАЛАПТАРЫ

3.3.1 Жұмыс алдында:

- 3.3.1.1 Жұмыс киімдерін тәртіпке келтіру.
- 3.3.1.2 Жұмыс орнындағы артық заттарды алып тастау.
- 3.3.1.3 Бөлмедегі жүретін жолдарды алып қою.

3.3.2 Жұмыс кезінде:

- 3.3.2.1 Компьютерді қосып, ақаулықтың жоқ екеніне көз жеткізу.
- 3.3.2.2 Ақаулықтар бар болса, компьютерді тоқтан айырып, өндірістік оқыту шеберіне хабарлау.
- 3.3.2.3 Техникалық үзілістер кезінде саусақтарға арналған жаттығулар орындап отыру.
- 3.3.2.4 Жүйелік блок қораптары ашық жағдайда жұмыс істеуге, өз бетімен компьютерді ашып қарауға, ақауларды жөндеуге тыйым салынады.

3.3.3 Жұмыс аяқталғанда:

- 3.3.3.1 Компьютерді дұрыс сөндіру.
- 3.3.3.2 Құжаттармен жеке заттарды жинастыру.
- 3.3.3.3 Жұмыс орнын тәртіпке келтіру.

3.3.4 Өрт кезінде:

- 3.3.4.1 Компьютерді тоқтан айыру.
- 3.3.4.2 Күш қорғауышын айыру.
- 3.3.4.3 Жағдайды әкімшілікке немесе өндірістік оқыту шеберіне хабарлау.
- 3.3.4.4 Көмірқышқылды өрт сөндіргішті жедел пайдалану.
- 3.3.4.5 101-ге хабарлап.

4. ЖАУАПКЕРШІЛІК

Құрастырушысы(-лар) – осы университет стандартына сәйкес дайындалған Дербес компьютерде (ДК) жұмыс жасау және техникалық қауіпсіздік ереже талаптарының негізділігі мен мазмұнына жауапты.

КЕЛІСІЛДІ

Академиялық мәселелер жөніндегі проректор

Стратегиялық жоспарлау, мониторинг және сапа менеджменті бөлімінің басшысы



Байнессва П.Т.

Ким И.С.

